"Поручаю Правительству до конца года обеспечить высокоскоростным интернетом села с населением более 250 тысяч человек. Это 99,3% наших граждан", - добавил Глава государства.

Источник: <https://www.kazpravda.kz>

АДУЫНДЫ АҚЫН СЕЙІТЖАН



Ақын Сейітжан Бекшентайұлының туғанына 145 жыл. 1995-жылдың күзінде Қамысты ауданының Орқаш жерінде Алаштан жыр озырған ақын, діни көсем, ұстаз, саяси күрескер Сейітжан Бекшентайұлының 120 жылдық тойы дүркіреп өтті.

Үш жүзге сауын айтылған сол жиылыста ауыл шетіне киіз үйлер сап түзеп, ақындар айтысы, ғылыми конференция ұйымдастырылып, ел өткен ғасырда шерменде күн кешіп, шейіт болған тұлғаны есіне алып еді. Бала болсақ та, алыс-жақындағы ауыл-аймақтардың арасында марқұм Жәзир Құдайқұл басшылық ететін Қарабатыр елінен қатысып, қуанышқа зиярат еттік. Науқанды мойнымен көтерген Орқаш елін басқарған марқұм Қазбай Табажановтың еңбегін айрықша атап өткеніміз абзал. Мерейтой қарсаңында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, сол кездегі халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық ұйымының төрағасы Ақылбек Шаяхметтің құрастыруымен «Қамынды, қазақ, ойлай бер» атты боздақтың жеке жинағы жарық көрді. Ал «Қостанай таңы» газетіне ақын, журналист Гайнижамал Бердалинованың «Халқымен қайта қауышты» атты топтама мақаласы жарық көрді. Үш жылдан кейін Қамысты ауданының орталығында жаңа мешіт бой көтеріп, оған Сейітжан Бекшентайұлы есімі берілді. Талай әулие, батыр, ақын қоныс қылған қасиетті өңірдегі сол басқосудан кейін ширек ғасыр Сейітжан шайырға арналып айтарлықтай шара өткен емес.

Енді шайырдың өмірі мен шығармашылығынан аз-кем тарқатайық. Еліміздің күнгей бетінде дүниеге келсе де, Қостанай топырағын мекендеп, осы елде дүниеден озғаны мұрағатта қатталды. — Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қостанай облыстық басқармасының (қазіргі департамент – Қ.К.) № 02754 архив материалдарында сақталған ісінде Сейітжан ақынның араб таңбасымен өзі қол қойған өмірбаяндық деректері және берген жауабы тігулі. Онда ақын 1874-жылы (туған-туыстарының айтуына қарағанда, 1875-жылы туған) Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Қызылорда) облысының Қармақшы ауданының үшінші ауылында туғаны, партияда болмағаны, орта шаруадан шыққаны атап көрсетілген. 1937- жылдың 20-желтоқсанында толтырылған анкетада оның әйелінің есімі Айжан, тігінші болып жұмыс істейтіні, ал қызы Зибаның тоғыз жаста екені айтылған. Ақынның тұтқынға алынар алдындағы тұрған жері Жітіқара қаласы (құжатта Жітіқара приискісі деп көрсетілген), №5 учаске, 8 март көшесі, 353-ші үй деп жазылған. Сол тұста «жаптым жала, жақтым күйеге» ұшыраған көп асылдың бірі болып

абактыға қамалған ақын жендеттерге берген жауаптарында да тілін тартпай, өзіне таққан айыпты мойнына алмайды. «Совет үкіметіне қастандық ойлаған емеспін, бұрынғы патша заманын жамандап өлең шығарғаным рас», – деп қаймықпай жауап береді, – дейді шайырдың өмірі мен шығармашылығын зерттеуші Ақылбек Шаяхмет. Әкесі Бекшентай жастай қаза болған соң Сейітжан бала күнінен ағасы Рахмет, інісі Сәлім ағайынды үшеуі анасы Қазынамен (Қазынатай) бірге нағашы жұртының қонысы – қазіргі Қамысты ауданының Орқаш елді мекеніне қарасты жерлерді мекендеген Кіші жүз Жетірудың Телеу тайпасында тәрбиеленген. 13 жасында аруақ дарып, діни өлеңдер шығара бастаған ол Троицк мешітінің ғұлама имамы Зейнолла ишан басқарған медреседе дәріс алып, Құран-Кәрім негізімен Ислам тарихын суырып-салмалығымен уағыздаған танымал тұлғаға айналады. Орқаш төңірегінде жастарды Ислам діні бағытына оқытқан әрі ақындыққа баулыған. Арманым көп мынау фәни жалғанның, Пенде болсаң, құтылмайсың салғанның, Дүниға келіп-кету мақсат па?! Ердін ісі өнер іздеп, қамданған. Он үшінде топқа түсіп сайрадың, Күркіредің тасқынындай дарияның Сырың мәшһүр атырапқа, Сейітжан, Тұнық сөзді толқынлатып жайғаның, – деуі пайымы зор, танымы жоғары, өрісі кен ақынға тән өлең.

1928-жылы Кеңес өкіметінің дінге қарсы саясатынан қуғын-сүргін басталатынын сезген Сейітжан Орқаш жерінен қоныс аударып, Сыр бойындағы Қызылорда, Түркістан, өзбек жерлерін мекендеуге мәжбүр болады. Сол сапарында қазақ халқының тәуелсіздігін армандаған саяси білімді азаматтармен кездесіп, «Алаш» партиясының бағдарламасынан хабардар болады. Өзінің өткір ғазал өлеңдерімен қазақ халқын Ислам дінін қолдайтын тәуелсіздікке шақырады. 1929-жылы «Қарақұм» көтерілісіне қатысқан. Көтеріліс жеңіліс тауып, көптеген аяулы азаматтарымыз Кеңес өкіметінің қуғынына түсіп, қаза болғаны Сейітжанды қынжылтады. Кеңес өкіметінің аяусыз саясатымен қазақ халқы 1930-1932- жылдары аштықпен қырылғанын өз көзімен көріп, намысы кернеп, жанашырлық өсиетпен сезім білдіреді. Қиялшыл діни Сейітжан өзінің қуғынға алынғанын сезіп, «Қамынды қазақ ойлай бер!» деген ұлағатты үндеуімен мекенжайын өзгертуге мәжбүр болыпты. «Айналырған жау алмай қоймайды» деп, Орқаш даласын аңсаған Айжан жұбайын еліне жеткізу мақсатымен 1936-жылы Жітіқара қаласына оралып, қоныстанады.

Қайраткер жайында құжаттарды жинастырған Садуақас Оспанов 1937-жылы Әмір, Кәкім есімді туыстары бастаған халық ақынға арнап Жітіқара қаласында үй салып бергенін жазады. Бірақ көп ұзамай елдің сүйіктісіне айналған шайыр «халық жауы» деген желеумен ұсталып кете барды. НКВД «үштігінің» айыптау қорытындысында: «Сейітжан ақын бай баласы, Қарақұмда әрекет еткен бандылар қимылына белсене қатысушы, тұтқындалғанға дейін еш жерде жұмыс істемеген, діни ғұрыптарды орындау арқылы күнкөріс жасаған, капиталистік құрылысты дәрліптеп, діни насихат жүргізген, Совет үкіметіне қарсы өлеңдер шығарып, оны домбыраға қосып, ел ішінде орындаған», – деп айыпталған. Осындай үш қайнаса да сорпасы қосылмайтын жалған айыпқа сүйенген, бірде-бір куәнің жауабы негізге

алынбаған істі қараған «үштік» 1937-жылы 29- желтоқсанда Сейітжан Бекшентайұлын (құжатта Бекшентаев деп жазылған) халық жауы есебінде он жылға соттайды. Алайда, арада жарты ай да өтпей жатып арсыздар сол құрамда аталған істі қайта қарап, 1938-жылғы 13-ақпандағы шешім бойынша 63 жасар ақынды ату жазасына кеседі. Үкім 1938-жылдың 16-ақпанында орындалған. Шайырдың жерленген жері туралы мәлімет жоқ. Бір ғана мысал, Сейітжан жыраудың: «Мұхамбеттің үмбетін, Қинай ма деп қорқамын. Біз қой болсақ, ол қасқыр, Шайнай ма деп қорқамын. Жаңа өспірім жас бала Патрон, мылтық мойнына, Сары жез қылыш беліне Байлай ма деп қорқамын. Мұрындығын түйенің, Алар ма деп қорқамын. Мұсылмандық қазақтан Қалар ма деп қорқамын. Бірте-бірте кірмелер, Жазира жазық жеріме, Толар ма деп қорқамын, Ардақты ана тіліміз, Басқа тіл мен шатысып, Тозар ма деп қорқамын», – деп болашаққа болжам жасаған әулиелігі өзіне қарсы қару болғаны анық.

Қостанай облыстық прокуратурасының 1990-жылғы 22-тамыздағы шешімі бойынша НКВД «үштігінің» 1937-жылдың желтоқсандағы шешімі заңсыз деп танылып, Сейітжан ақынға ойдан шығарылған негіздер бойынша жала жабылған деген қорытынды жасалып, КСРО Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1989-жылғы 16-қаңтардағы «30-40-жылдардағы және 50-жылдардың басындағы кезеңде орын алған репрессия құрбандары турасындағы әділдікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығының 1-ші бабына сәйкес ол толық ақталды. Ақын шығармашылығын зерттеу жұмысы 1944-жылдан бастау алып, оған Н.Керейітбаев, Ә.Қоңыратбаев, Қ.Байғұлыұлы, Ә.Наурызбаев, К.Есжанов, М.Сәлменбаев, А.Нұрқенов, тағы басқа зерттеушілер атсалысты. Сейітжанның ғазалдарын біздің күнге жеткізген торғайлық Жүсіпбек Салықов, бестөбелік Нағашыбай Мұңбаев, ақынның шәкірті болған жітіқаралық 92 жасында қайтыс болған Бактылы Қоғабайқызы, ырғыздық Әбдіқапар Омаров, орқаштық Тасмағамбет Сартаев, қармақшылық Шәни Кәрімовтер зеректік қасиетімен жарты ғасырдан артық уақыт естерінде сақтап келіпті. Кезінде Сыр бойынан бастап Ақтөбе, Торғай, Ресейдің бір шеті Троицк қаласынан бастап қазақтың астанасы болған Орынборға дейін ақын жырлары жатқа айтылды, термешілер мен жыршылар домбыраға қосып орындаған. Қарасу (Орқаш), Бестау, Жайылма, Қарабатыр ауылдарының біраз адамы Сейітжанның арқасында хат танығаны да рас. Орқаштың сыртындағы Кіндікті көлінің бойында Қаратөбе деген жерде ақын 1916-1917-жылдары бала оқытқан екен. Тіпті, жеті-сегіз қыз шәкірттері де болған екен. Солардың ішінде Бактылы Қоғабайқызы аласапыран Ақпан-Қазан төңкерістерінің алдында Сейітжан Бекшентайұлынан діни дәріс алғандардың бірі. «Кеңес өкіметі орнап, оқуымызды жалғастыруға мүмкіндік болмады. Басқа оқу жолына түсуге жара келді» деп жазғаны бар. Бактылы әлеміз заманында сөз досына түсіп, әжептәуір суырып-салмалығымен көзге түскен жан. Сейітжан ең алдымен философ, оның үстіне Құранды да, дін мен шариғат туралы қасиетті кітаптарды да үніліп оқып, имандылық туралы қалам тербеген діндар ақын. Алған бағытынан қайтпаған, құдайсыздардан қорқып, жаздым-жаңылдым деп, өтірік айтпаған. Алла бір, пайғамбар хақ екен-дігін айтып, көпшілікті Құдайдан

ұялуға, харам іске бармауға, кісі ақысын жемеуге, жаманшылық қылмауға үндейді.

Ақынның көп өлеңі «бісімілла-рахман-рахимнан» басталуының да өзіндік мәні бар. Бісімілласыз іс қылмайтын ақын кәліманың мағынасын да, шариғаттың шарттарын да, имандылық иірімдерін де жыр арқылы түсіндіріп, насихаттайды. Сейітжан ақынның ел ауызында қалған, тауып айтқан, қиыннан қиыстырған суырыпсалма шумақтары да аз емес. Шайырдың артында «Халыққа істе қызмет», «Сыр берме, қызыл тілім!», «Көз жұмып бұл дүниеден өткендер көп», «Не қызық, ах, дариға, өтті бастан», «Тарылды заман, тарылды», «Онымда асық ойнадым», «Терме» (Ғұмырың өтті, Сейітжан), «Жігіттік», «Насихат», «Қорық Құдайдан!», «Сайра, сайра, қызыл тілім!», «Қасиет-нама», «Кел, ғазезім, көңілім», «Түсейік жолға адамдық», «Қорқыт», «Марал ишан» (дас-таннан үзінді) және бізге жетпеген көптеген өлең-толғау, ғазалдары қалды. Өткен күзде өңірімізге сапарлап келген белгілі жырау, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, фольклортанушы-ғалым Алмасбек Алматовпен әңгіме барысында Сейітжан ақынға қатысты біраз мағлұматқа қанық болдық. Сыр елінде дүниеге келіп, Қостанай жері, соның ішінде Қамысты-Жітіқара атырабында көп жыл ғұмыры өткен тұлға Қызылорда жатқа шыққан тегіне қарай «Алтын Сейітжан» атанып кетіпті. Яғни, бұл Кіші жүздің он екі ата Байұлының Алтын руының Айдар тармағынан өрбитіндігімен байланысты. Алмас ағамыз даңғайыр жыраудың өмірінен, жырларынан бізге беймәлім біраз дүниесімен бөлісті сол жолы. «Алтын Сейітжанның шешесі асқан сұлу адам болады. Әкесі ерте өліп кетеді де, шешесі бір баламен қалады. Жас, ажарлы әйел баланы жетілдіру үшін ноғайдың көпесіне тиеді екен. Орынборда тұрады. Кейін Қазаннан ноғайдың тегін жалғап, яғни, ноғайдың ақыны ретінде Сейітжанның атынан кітап шығарып жібереді. Енді біздің іздеп жатқанымыз сол кітап. Сейітжанның ғазалдары көп сонда. Ал қолжазбаларының бәрі біздің қолымызда», — деді Алмас аға. Қазіргі әлемді алаңдатқан аты жаман індеттің беті қайтып, ел есін жиып, жағдай орнына келген кезде зұлмат жылдардың құрбаны болған Сейітжан ақынымыздың 145 жылдық мерейтойы өз деңгейінде аталып өтілсе деген тілегіміз бар. Есімі елімен қауышқан бірегей қайраткердің мол мұрасын дәріптеліп, ғылыми-танымдық басқосулар, ақындар айтысы, жыршылар сайысы ұйымдастырып жатса нұр үстіне нұр болар еді.

Сейітжан ақынның Алмас Алматовтан жеткен өлең-жырлары. Ақын 40 жасында Сейіткәрім деген ұл көреді. Бір жылдан соң Сейіткәрім шетінеп кетеді ғой. Сейітжан сол бойы еркек тұқымсыз өтеді. Сондағы Сейіткәрімді жоқтау деген одасы (жыр жүзден астам шумақтан тұрады, қысқартылып берілген): Торынан ақ сұңқарды ұшырдың, Шіркейлінің қалыңына түсірдің. Қалыңынан қанша іздеп таба алмай, Жылауменен өкпе-бауырым шірідің. Тал бесікке аңан қалды-ау асылып, Төр алдында сақан қалды ау шашылып. Мен отырмын басыңа келіп аһ ұрып, Мехрибаным Сейткәрімім әлбадақ (араб тілінен «жалғызым» мағынасында). Азғана күн қылышымды қайрадым, Оттай болып отбасымда жайнадың. Ит-құс та жоқ төгіліп қалды-ау айраным, Мехрибаным Сейткәрімім әлбадақ...

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

Мир и пандемия


Паломникам, которые совершают хадж, запретят прикасаться к Каабе. С таким заявлением выступили власти королевства Саудовская Аравия, пишет NUR.KZ.

Об этом решении сообщили в министерстве по делам хаджа и умры СА, пишет РИА Новости со ссылкой на местные СМИ. В 2020 году хадж намечен на 28 июля - 2 августа. Ведомство сообщает, что прикасаться и целовать святыню будет запрещено. В целях предупреждения приближения паломников к Каабе будут

ПАЛОМНИКАМ ЗАПРЕТЯТ ПРИКАСАТЬСЯ К КААБЕ ВО ВРЕМЯ ХАДЖА ИЗ-ЗА КОРОНАВИРУСА

установлены специальные ограждения. Согласно мусульманской традиции, паломники 7 раз должны обойти главную святыню Ислама, стараясь прикоснуться или поцеловать ее. Издание пишет, что в этом году предусмотрены дополнительные меры безопасности из-за коронавируса. Например, к святыне будут допускаться группы до 50 человек, все участники хаджа обязаны носить медицинские маски и придерживаться других рекомендаций.

екомендации специалисты будут учтены при проведении всех обрядов. Хадж в 2020 году пройдет без паломников из других стран, заявляли ранее в Саудовской Аравии. Ожидается, что в этом году численность желающих совершить хадж не будет превышать 10 тыс. человек, отмечается, что обычно Каабу посещают около 2 млн человек во время Хаджа. Ранее власти страны призывали мусульман всего мира отказаться от Хаджа в 2020 году.



Источник: <https://www.nur.kz>

ТАМДЫЛЫҚ ТОҚА БЕРДАЛЫ АҚЫН



Тамдының танымал ақын-жырауларының арасынан Бердалы Оразалиев, Жүніс Сәрсенбаев туралы мәліметті бала кезімде Қалдаш жыраудың орындауындағы терме-жырлардан танып, білдік. Бердалы ақынның «Қасқа асу» жырын жаттап алып, айтып та жүретінбіз. Тоқа (руы) Бердалы 1914-жылы Қызылорда облысы Қазалы ауданына қарасты Майлыбас Бибіттің белгісі деген жерде дүниеге келеді. Қысқартып айтқанда, өсе келе Сыр елінің ақын-жыраулары Базар жырау, Кете жүсіп, Мұзарап, Шораяқтың Омары, Тұрмаханбет сияқты ақындардың өлең-жырларын жаттап, соларға еліктеп өседі. Өзі де өлең жазуға әуестеніп, «Қасқа асу», «Үш балқы», «Алмасын жүзі мұқалмайды» т.б. көп өлеңдері 1977-жылы «Сырымды айтам» деген кітапша болып шықты. Жинақтап, бастырып шыққан Қ.Өтебаев Қызылорда педагогикалық институтының оқытушысы, Бердалының туған балдызы еді. Бердалының Райымбай Оразшаұлы деген құрдасы ірі, өте бойшаң, екі иығына екі адам мінгендей кісі екен. Сол құрдасын:

*Көркің бар көзге толық Райымбай,
Күлкің бар, суықтың сынған райындай.
Кең кеуде, кезең иық бұлғын түсің,
Ал қызыл Алтайының шырайындай.
Шамалы қылығыңда қыйтырлық бар,
Дымқылдау сары күздің бір айындай.
Селік етіп, кеудеңмен кеп сөз сөйлейсің,
Қасқырдың қойға шапқан сылайындай,* - деп суреттеген екен. Шынында Райымбай қызыл шырайлы, бойы ұзын, келбетті адам еді. Бердалы ақын туралы Сәндібек Ерманұлы былайша баяндайды:

Тоқа Бердалы ағай жүрген жерінде әңгіме айтып, жастарға өнеге-өсиет арнап отыратын дарынды, шайыр адам болғанын жұрт жақсы біледі. Бұл кісі 1954-жылы Тамды ауданының «Октябрь» колхозына басқарма төрағасы болып екі жарым жыл істеген. Ол кезде менің ағам Ерманов Жәнібек Ташкентте финансы оқуында оқып жүр еді. Ал, мен болсам Тамдыда 3 айлық шаруашылық курсында оқып келіп, колхозға санитар, мал емдейтін және қозыға ен салатын маман болып жұмыс істедім. Осы жылдары мен Бердалы ағай мен 2 жыл бірге қызметтес болдым. Ол кісінің әдеті, бар үйге сәлем беріп кіргенде керегеде домбыра ілулі тұрса, домбыраны қолына алып отыратын еді, сүйтіп домбыраны жәй шерте отырып әңгіме айтатын. Ол кезде басқармалар атпен шопан ауылдарын

аралайтын кез. Әлі есімде бір күні 1956-жылдың 9-қазаны күні біздерді кеңсеге шақырды. Сонда қасымда жігіттерден Ерманов Сәндібек, Қалыбаев Үсен, Лепесбаев Тұрабай, Сейтбенбетов Есенбек, Кеубасов Мәжен, Ешимов Тәліптер болды.

-Сендерді шақырғандағы жұмысым, - деді. Бердекең марқұм, - бүгін Бухарадан екі ГАЗ-63 машинасы келеді, сонымен сендерді алып, шағылыстың заттарын тиіс, Ақтам-Қаракыз, Белтам деген жерлерге барамыз, аздаң ерте кетеміз, сендер Қызылға кіргенде машиналар батқан жерде донғалағының астына ағаш саласындар, әрі алыстағы үйлеріңе барып қайтасындар, жұмыс сол. - Сонымен біздер сол күні өмірі көрмен Шірік қалаға жол алдық. Ол бұрынғы замандарда қалмақтардың қаласы болған екен, Баян, Тағай деген жерлерді көрдік. Сондағы біздің таңырқайтынымыз, ең қызылда ескі түйе жол, жалғыз аяқ жол. Қазақтың түйемен, атпен, жаяу да осы жерден жүріп өткеніне таң қалдық. Ал, біз машинамен 300 шақырым жерге бір жарым күн жүріп бардық.

Содан кейін Бердалы аға жұмысты тапсырып, ауданға кетті, өз аулына. 1961-жылы Бердекең науқастанып, Тамдыда ауруханада жатқанда бір құрдасым екеміз көңілін сұрап бардық. Қасымдағы кісінің:

-Ау, Бердеке, таяқ сүйеніп жүрсіз ғой, - деген сөзіне, Бердекең: (сол кезде Бердалы 48 жаста еді).

*Жолды байқап отырар,
Қолымдағы таяғым.
Тар жол-тайғақ кеуіңде,
Осыған сенеді аяғым.
Қамап тұрған жсау жоқ қой,
Сәндікке ұстап не қылам,
Күш-қуатым болса баяғы,-* деп, бір ауыз сөзбен таяқтың қандай қызымет атқаратынын және өзінің жағдайын жеткізіп айтып еді, жарықтық Бердалы ағам. (Бауыр аурумен ауырып жүрген екен сол кезде).

Бердалы Тоқанның ауырып жатқанда айтқаны:

*Білмедім бұл науқастың сірә, жәнін,
Келмейді ыңғайыма еткен емім.
Отырам от басында мүдекеше,
Кемшілік көрініп тұр бір бөлекше.
Сүйсініп, ішер асым тұрса алдымда,
Ишпеймін тіріге бір жан керекше.
Жақпаса, жанды қинайды жеген тағам,
Өлмесем жазатұғын тағы табам.
Дүниеден тірі жүрген не көрмейді,
Бір дерт бар жанға батар өте жаман.
Еміреніп еңбек етсе барлық халық,
Мақсатқа алда тұрған күшін аластам.
Қоғамның мүшесінен аластаған
жандай-ақ,
Жатырмын мен дағы үйде қалып.
Істедім 25 жылдай менде көппен,
Отырып көңіл жасытады күндер өткен.*

*Денім сау, қара күреп қойды бақсам,
Жүрсем мен жан болмас едім арман еткен.
Осыны ойланам да, толғанамын,
Кейде бір домбырамды қолға аламын.
Шалдарша гөй-гөй тартып күңіреніп,
Отырып өз-өзімнен толғанамын...* - деп, науқас кезінде жазған өлеңі еді бұл. Адуынды да, арлы ақын ақыры осы аурудан айықпай, дүниеден өткен.

Н.ӨТЕП

Забота о многодетных

УТВЕРЖДЕН ЗАКОН, ОСВОБОЖДАЮЩИЙ ОТ РОТАЦИИ МНОГОДЕТНЫХ ГОССЛУЖАЩИХ

Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев подписал закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты республики по вопросам государственной службы», сообщила пресс-служба Акорды.

Документ, в частности, предусматривает распространение сферы применения программы «С дипломом в село», оптимизацию конкурсных процессов при

приеме на государственную службу. В проект «С дипломом в село» будут привлекаться административные государственные служащие корпуса «Б», пишет Интерфакс-Казахстан.

«...Еще одним новшеством документа является освобождение от ротации госслужащих, являющихся многодетными родителями».

Источник: www.kapital.kz

БУДУТ ЛИ ПРОДЛЕВАТЬ КАРАНТИН В КАЗАХСТАНЕ, ОТВЕТИЛИ В МИНЗДРАВЕ

Министр здравоохранения РК Алексей Цой прокомментировал вопрос о продлении строгого карантина в Казахстане, передает корреспондент Kazpravda.kz.

"Что касается продления карантина, то изначально было внесено предложение, были учтены пожелания граждан, чтобы режим был максимально адаптирован, в том числе под бизнес-сообщество, но в то же время имел ограничительные мероприятия, которые помогут справиться с резким пиком заболеваемости", - сказал Цой на брифинге в СЦК.

По его словам, любая оценка ситуации должна быть связана с инкубационным периодом, который длится 14 дней.

"Сейчас мы уже какие-то промежуточные результаты смотрим, но реальный эффект мы будем видеть ближе ко второй неделе, либо сразу после, когда мы проведем оценку. Под конец карантина будет понятно,



продлится ли он, будет ли ужесточен. Мы эти моменты сейчас прорабатываем. Смотрим вместе с нашими учеными и иностранными коллегами", - заключил Цой. Напомним, с 5 июля в Казахстане действует двухнедельный жесткий карантин.

Источник: <https://kazpravda.kz/news>

Осторожно, мошенники!

В КАЗАХСТАНЕ УЧАСТИЛИСЬ ВИШИНГ-АТАКИ

В карантинный период активизировались телефонные мошенники, которые используют технологии социальной инженерии, чтобы узнать персональные данные клиентов банков. О том, как не стать их жертвой, центру деловой информации Kapital.kz рассказал директор Департамента защиты прав потребителей финансовых услуг Агентства РК по регулированию и развитию финансового рынка Александр Терентьев.

Вишинг является одним из распространенных способов кражи средств со счетов граждан.

«Мошенники обзванивают заемщиков, представляясь сотрудником известных банков, при этом они ловко «поддельвают» номера, с которых звонят. Это может быть короткий номер колл-центра банка – современные технологии позволяют это сделать без особых усилий. При этом сами злоумышленники могут находиться в другом городе или даже в другой стране», - рассказывает Александр Терентьев.

Финансовые мошенники идут на данные ухищрения с одной целью – выманить персональные данные «жертвы». Это ИИН, данные платежной карты или счета, CVV/CVC код, код из SMS-сообщения. И тогда злоумышленники могут обналчить все средства на карте или счете, предупреждает представитель финрегулятора.

Он перечислил распространенные случаи, с которыми сталкиваются клиенты казахстанских банков и дал рекомендации по противодействию финансовому мошенничеству.

«Первый и главный совет - лучше невежливо прервать разговор, чем вежливо сообщить PIN-код карты. Даже старые проверенные методы мошенников работают безотказно. Самый простой развод: звонит якобы сотрудник банка. Он тревожно сообщает, что по вашей карте пытаются провести транзакцию. И если это не вы, то вам необходимо срочно предоставить звонящему всю информацию по своей карте. В таком случае лучше сразу прервать разговор и положить трубку», - говорит Александр Терентьев.

Он напоминает, что сотрудник банка никогда не запросит эти данные и первым не позвонит. Для того чтобы убедиться в том, что к вам позвонили финансовые мошенники, необходимо позвонить в банк, в котором вы обслуживаетесь. Но ни в коем случае не на тот номер, с которого поступил звонок.

«Совет номер два - не спешите раскрывать первому звонящему свои данные, в банке их и так знают», - продолжает Александр Терентьев.

Настоящему банковскому менеджеру

нет нужды звонить вам, чтобы уточнить вашу фамилию; паспортные данные; какие карты были оформлены; сколько денег на них осталось. В банке имеется ваше полное финансовое досье - кредитная история. Поэтому с этими вопросами сотрудники банка по телефону никогда к вам не обратятся. Эта информация представляет ценность только мошенникам, подчеркивает представитель Агентства.

«Имейте в виду, банки никогда не звонят сами, чтобы спросить по телефону у клиентов: полный номер карточки; срок ее действия; CVC/CVV; логин и пароль к интернет-банкингу; кодовое слово, код из SMS-сообщения. Эти данные банк может запросить только в том случае, если вы сами позвонили туда, чтобы решить какой-то вопрос. Например, записаться на прием, разблокировать карту при поездке за рубеж, уточнить, где можно забрать перевыпущенную карту и т.п. Если же вам звонят и, представляясь сотрудником банка, запрашивают такую информацию, даже, если ее необходимо продиктовать автоответчику, то можно не сомневаться - это мошенники», - говорит Александр Терентьев.

Еще один совет, который дает наш собеседник: не поддавайтесь панике, если вас попытаются напугать телефонные мошенники. На паническое заявление о том, что с вашей картой серьезная проблема лучший ответ: «Сейчас позвоню или схожу в банк, чтобы проверить это лично». Будьте уверены, звонящий тут же отключится. Это очень распространенная уловка - напугать владельца карточки. Ситуации могут быть придуманы разные:

-кто-то проводит подозрительные транзакции по вашей карточке;

-срочно! Уже списана n-ная сумма с вашего счета/карточки, чтобы спасти остаток, надо деньги перевести на временный счет;

-это вы пять минут назад подали заявку на оформление кредита? Если нет, то срочно нужны ваши данные, чтобы отменить ее;

-ваша карточка заблокирована, чтобы ее разблокировать на ваш телефон придет SMS, в котором указан код, назовите его» и т.д.

Главная цель мошенников – напугать вас.

«Стоит помнить, что если с вашей картой действительно какие-то проблемы, то банк может сам ее заблокировать и, скорее всего, пришлет об этом уведомление по оговоренному в договоре каналу. И лучше всего перезвонить самим в отделение банка и уточнить, действительно ли они отправляли данное сообщение», - резюмирует Александр Терентьев.

Источник: www.kapital.kz

БОЛЕЕ 800 ПРЕДПРИНИМАТЕЛЕЙ ИЗ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ ПОДДЕРЖКОЙ БИЗНЕСА

С начала года финансовую поддержку получили более 800 предпринимателей, передает inKaragandy.kz со ссылкой на пресс-службу акимата Карагандинской области.

В регионе, несмотря на карантин, в ряде отраслей увеличилась предпринимательская активность. Бизнес ищет новые формы и ниши. Государство помогает выстоять в непростых условиях.

«Поддержка бизнеса осуществляется в рамках таких программ, как «Дорожная карта бизнеса - 2025», «Енбек», «Экономика простых вещей», «Дорожная карта занятости». В этом году через госпрограммы планируется поддержать не менее 2,5 тысяч предпринимателей области с созданием почти 8-ми тысяч рабочих мест. Меры финансовой поддержки уже получили 832 предпринимателя», - сказала в ходе онлайн брифинга руководитель управления предпринимательства Татьяна Аблаева.

По её словам, по Дорожной карте бизнеса предусмотрены средства на поддержку 296 проектов. Уже профинансировано 99 проектов на сумму инвестиций 4,2 млрд тенге.

Льготным кредитованием по программе



«Экономика простых вещей» воспользовались 78 отечественных производителей и крестьянских хозяйств.

Ещё 91 проект получил поддержку по новой программе льготного кредитования

субъектов МСБ, пострадавших в результате чрезвычайного положения.

По программе «Енбек» городским предпринимателям выдано 210 микрокредитов. Будут поддержаны и сельские

Помощь предпринимателям

проекты. В этом году планируется охватить грантовым финансированием порядка 900 предпринимателей на общую сумму более 600 млн тенге. На реализацию бизнес-идей уже предоставлен 381 грант.

«На курсах «Бастау Бизнес» на первом потоке обучились 800 человек. Дистанционная форма позволила привлечь большее количество слушателей», - сообщил директор Палаты предпринимателей области Ернар Кульпесов.

По информации руководителя Управления предпринимательства, в области в рамках антикризисных мер более 30 тысяч субъектов предпринимательства воспользовались налоговыми каникулами и отсрочкой платежей.

В 12-ти сферах экономической деятельности отмечено повышение предпринимательской активности. Это такие отрасли, как промышленность, сельское хозяйство, сектор услуг. Новый импульс получила электронная коммерция. По словам Татьяны Аблаевой бизнес в современных условиях ищет новые ниши, новые формы работы, подстраивается под ситуацию. А принимаемые правительством меры, безусловно, помогают выстоять.

Источник: www.inkaragandy.kz/news

МУДЕЛІ ТУЛҒАЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА

Облыстық ақпараттық-жарнамалық «Приозерский вестник» газетінің редакциясы мүдделі жақтарға төмендегіні хабарлайды: 2020 жылдың 12 тамызына Қазақстан Республикасының Парламенті Сенаты депутаттарының кезекті сайлауы тағайындалғанына байланысты, сонымен қатар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 28 бабының 3 тармағының талаптарына сәйкес, газет партиялық тізімдерді ұсынған тіркелген кандидаттар мен саяси партияларға кандидаттар мен саяси партиялардың насихаттау материалдарын орналастыру үшін басып шығару аймағын ұсынады. Насихаттау ақпаратын жариялау мерзімі 2020 жылдың 23 шілдесінің 18 сағатынан басталып 2020 жылдың 11 тамызының 00 сағатында аяқталатын болып белгіленді.

Газет бетінде жариялану бағасы 1 квадраттық сантиметр үшін 50 теңгені құрайды. «Приозерский вестник» газеті бекітілген ГОСТ-9254 стандартына сәйкес келеді және апта сайын (жұма) А3 форматымен, мемлекеттік және орыс тілдерінде шығарылады, жас біліктілігі бойынша «18+». Газет тиражы – 500 дана, ҚР ақпарат және коммуникациялар Министрлігінің АҚ МББ есепке алынғандығы туралы куәліктің № 17414-Г.

Газет Приозерск қаласының аумағында жазылу бойынша және тұрғындардың арасында (ақысыз түрде) таратылады.

«Приозерский вестник» газетінің редакциясы

К СВЕДЕНИЮ ЗАИНТЕРЕСОВАННЫХ ЛИЦ

Редакция областной информационно-рекламной газеты «Приозерский вестник» уведомляет заинтересованных лиц, что в связи с назначением на 12 августа 2020 года очередных выборов депутатов Сената Парламента Республики Казахстан, а также в соответствии с требованиями пункта 3 статьи 28 Конституционного закона «О выборах в Республике Казахстан», газета предоставляет зарегистрированным кандидатам и политическим партиям, выдвинувшим партийные списки, печатную площадку для размещения агитационных материалов кандидатов и политических партий.

Период размещения агитационной информации определен с 18 часов 23 июля 2020 года и заканчивается в 00 часов по местному времени 11 августа 2020 года.

Стоимость публикации в газете составляет 50 тенге за 1 квадратный сантиметр. Газета «Приозерский вестник» соответствует утвержденному ГОСТ-9254 и выходит еженедельно (пятница), форматом А3, на государственном и русском языках, имеет возрастной ценз «18+». Тираж газеты – 500 экземпляров, свидетельство о постановке на учет ПИИ в КИ Министерства информации и коммуникаций РК № 17414-Г.

Газета распространяется в городе Приозерск по подписке и среди населения (бесплатно).

Редакция газеты «Приозерский вестник»

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті қала тұрғындар!

Әкім аппаратының ресми интернет-ресурсында «Халық қатысатын бюджет» бөлімі іске қосылды (priozersk-akimat.gov.kz). Көрсетілген сілтеме бойынша өтіп, Сіздер өз жобаларыңызды ұсынуларыңызға болады және жобалар 2020 жылдың 01 тамызына дейін қабылданады.

«Приозерск қаласы әкім аппараты» ММ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Уважаемые жители города!

На официальном интернет-ресурсе аппарата акима запущен раздел "Бюджета народного участия" (priozersk-akimat.gov.kz). Пройдя по указанной ссылке, Вы можете представить свои проекты. Все проекты будут приниматься до 1 августа 2020 года.

ГУ «Аппарат акима города Приозерск»

ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:
ул.Космонавтов, 5-107
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

Запись по телефону:
мастера-парикмахеры:
8-775-274-25-87 (Ангаліі),
8-747-970-25-81 (Карлығаш)

Парикмахерская Милолика
Ваша красота -
Наша работа!
СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (акрил, гель)
ПЕДИКЮР

ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг.
г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м2.
Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПРОДАЕТСЯ СРОЧНО!

Помещение под бизнес (быв. аптека), по адресу: бульвар Женис (быв. БСА), д.30-1. на первом этаже пятиэтажного дома. Есть входная группа. Цена договорная. Телефон: +7-747-161-6578

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Берсигуровой Туйгул Анарбековны, умершей 10 июня 2020 года. Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 28/672. Тираж: 500 экз., объем-3 п.л., формат - А2, 12 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.